

6D020500 – «Филология (қаз)» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған Айгерим Тарбиновна Ташекованың «Бекмұрат Уахатов – фольклортанушы ғалым» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ғылыми жетекшісінің ШҚІРІ

Халықтық шығармалар – ұлттың дүниетанымы мен шығармашылық қабілетін танытатын рухани-мәдени мұра. Халық ауыз әдебиеті ұлттың тәуелсіздігі мен келешегінің идеялық негізі ретінде қарастырылып, оны зерттеу қазіргі ғылыми талаптардың бірі болып табылады.

Қазақ фольклорының қисыны мен тұғырына қатысты тұжырымдар фольклортанудың негізгі әдістемелік тірегі ретінде қарастырылып, осы саланың зерттеу нысанына терең назар аударуды талап етеді. Осы бағытта диссертант қазақ фольклортану ғылымының негізін қалаушылардың бірі М.Әуезовтің ғылыми дәстүрін жалғастырған шәкірті Бекмұрат Уахатовтың еңбектерін жүйелі түрде талдай отырып, оның түркі тектес халықтардың ауыз әдебиеті мен қазақ фольклорының дамуын танытудағы ғылыми үлесін айқындады. Зерттеу барысында Б. Уахатовтың халық шығармашылығының жанрлық ерекшеліктері, поэтикасы, текстологиясы мен типологиясын жаңаша тұрғыдан қарастыруы жұмыстың ғылыми құндылығын арттырады.

Бекмұрат Уахатовтың халық өлеңдері мен ғұрыптық жырларды ғылыми негізде жүйелеу мақсатындағы текстологиялық зерттеулері талданады. Ғалым ғұрыптық жырлардың табиғатын түркі тілдес халықтардың ғұрыптық жырларымен тарихи-салыстырмалы аспектіде қарастырып, олардың композициялық құрылымы, сюжеті мен көркемдік бейнелеу тәсілдері арқылы өзара сабақтастығын анықтағандығы ғылыми тұрғыдан негізделеді. Фольклорлық зерттеулерге сүйене отырып, диссертант қазақтың ғұрыптық жырларының мәселелеріне қатысты Бекмұрат Уахатовтың пікірлерін ғылыми тұрғыда сараптайды. Сонымен қатар отбасылық тұрмыстық жырлардың айтылу және жырлану ерекшеліктерін анықтап, олардың жанрлық сипаттарын ашудағы ғалымның көзқарастарының теориялық негіздерін қарастырады.

Диссертация құрылымы мен барлық бөлімдерінің арасында мақсаттық, логикалық, ғылыми байланыс дұрыс жасалынған. Зерттеу жұмысы үш үлкен бөлімнен тұрады. Әр бөлім тараушаларға бөлінген. Сонымен қатар қорытынды, пайдаланылған әдебиеттер тізімі және қосымшадан тұрады.

«Б.Уахатов – қазақ ауыз әдебиеті үлгілерін жинаушы және жариялаушы» атты бірінші бөлімде Б.Уахатовтың өмірі мен қоғамдық-ғылыми қызметіне шолу жасалынады және Бекмұрат Уахатовтың жинаған фольклорлық еңбектерінің жалпы көлемін, оның жанрлық және сюжеттік құрамын анықтау және ғалымның жинаушылық қызметі, мәтіндерін жазып алу әдістері мен оны түзу ерекшеліктерін сипаттау туралы қарастырылған.

Ал «Қазақ тұрмыс-салт жырларының зерттелу мәселелері және Б.Уахатов» атты екінші тарауда Бекмұрат Уахатовтың қазақ тұрмыс-салт

жырларын зерттеу мәселелері туралы еңбектеріндегі пікірлерге, ғылыми тұжырымдарына талдау жасау арқылы, түркі халықтарының атап айтсақ, өзбек, қырғыз, ұйғыр, қарақалпақ, татар, әзербайжан, хакас т.б. халықтардың тұрмыс-салт жырларын зерттеудегі ұстанымдар мен амал-тәсілер, қазақ тұрмыс-салт жырларының тақырыптық-жанрлық және көркемдік ерекшеліктерін көрсетудегі ғалым көзқарастарының негіздемесін танытады. Сондай-ақ Бекмұрат Уахатов қазақ тұрмыс-салт жырларының типологиялық ерекшеліктері мен құрылымдық сипаттарын, поэтикалық ерекшеліктерін, тарихын терең қарастырған ғалым ретінде таныту мақсатында диссертант зерттеу нәтижелерінде тұжырымның жинақылығын, дәйектілігін, нақты ғылыми талдауларға бағытталған жүйелілігін, таңдалып алынған әдіс-тәсілдерінің орынды екендігін дұрыс анықтай білген. Бекмұрат Уахатов зерттеулеріндегі қазақ тұрмыс-салт жырларының халық дүниетанымындағы орны мен фольклорлық сабақтастығы жан-жақты ашылып, тікелей жазып алу, көшіріп алу, экспедиция нәтижесінде жинап алынған фольклорлық мұралар мен қолжазба форматындағы материалдар негізінде дәлелденіп, зерттеу жұмысына жүйелі пайдаланылған. Зерттеуші қазақтың тұрмыс-салт жырларының типологиясын жасаудағы Бекмұрат Уахатовтың ғылыми еңбектерінің зерттеу нәтижесін зерделей отырып, өзіндік тұжырымдамалар мен қорытындылар жасайды.

«Халық өлеңдері және Б.Уахатов» атты үшінші тарауда қазақтың халық өлеңдерін жүйелеуі, даму көрінісі, көркемдік ерекшеліктері туралы ғылыми пайымдары мен тұжырымдары талдауға түсіп, түр және сюжеттік ерекшеліктері, көркемдік табиғаты қарастырылады.

Фольклортанушы ғалымның қазақ өлеңдері мен түркі халқы өлеңдерінің мазмұндық сипатын зерттеуі арқылы, лирикалық өлеңдер, қара өлең, тарихи өлеңдердегі кейіпкерлердің, тарихи тұлғалардың образдық бейнелерінің көркемдігі, сюжеттік құрылымдарының ерекшеліктері, жырлану табиғатына қатысты ғылыми ойларының сипаттамасы кешенді түрде қарастырылып, диссертанттың қорытындылары мен тұжырымдамалары ауқымды деңгейде негізделген. Бекмұрат Уахатов қазақ фольклортану ғылымында өзіндік қолтаңбасы бар көрнекті ғалым ретінде дәлелденіп, оның халық өлеңдерін жинау, жүйелеу және классификациялау арқылы қазақтың рухани мұрасының жан-жақты қырларын ашып, оның әдеби-тарихи заңдылықтарын саралаудағы еңбегіне талдау жасалынады.

Сонымен қатар ғалымның фольклортанушы ғалым ретінде арнайы зерттелмегендіктен аталмыш жұмыс алғашқы еңбек болып табылады. Жұмыста ғалымның қазақ фольклортану ғылымына арналған еңбектерін зерттей келіп, Бекмұрат Уахатовтың бұл саладағы еңбектері кейінгі зерттеулерге терең тұжырымдармен, нақты пайымдарымен, дәлелдемелерімен, қисынды ойларымен негіз болатындығын жүйелі, ғылыми деректі, дәйекті пікірлерімен анықтаған. Зерттеу барысында диссертация жұмысының мақсатына сай ғалымның барлық еңбектері талданған, осы арқылы зерттеушінің жан-жақты ізденгенінің, көп еңбектенгенінің көрінісі деп білеміз. Диссертация бөлімдері мен тараулары бойынша көтерілген

мәселелер ғылыми мақалалар мазмұнында да жан-жақты қарастырылып, талқылауға түскен. Сондықтан диссертациялық жұмыстың ғылыми нәтижелері мен қағидаттары орнықты, жаңа деп қабылдану керек.

Ғалым Бекмұрат Уахатовтың ғұрыптық фольклоры мен халық өлеңдерінің табиғатын танытудағы кешенді зерттеулерін нақты дәлелдермен, теориялық ойларымен негіздейді. Зерттеу нәтижелерін жоғарғы оқу орындарының студенттеріне халық ауыз әдебиеті бойынша оқылатын дәрістерде, сондай-ақ фольклортану саласы бойынша арнайы курстар мен семинарлар жүргізгенде пайладануға болатын ғылыми нәтиже деп есептеуіміз керек.

Диссертанттың зерттеу жұмысын жазу деңгейі жоғары, академиялық жазу қағидаттары мен стилін меңгерген, өзіндік сыни пікірі бар, ғылыми тілі жатық. Өзінің жеке пайымдауларын бере отырып ғылыми ережелерді тұжырымдап, зерттеу тақырыбының өзектілігін дәлелдей алған.

Диссертанттың өзіндік тұжырымдары мен нәтижелерін ғылыми басылымдарда жариялаған. Зерттеу тақырыбы бойынша – 17 мақала мен 1 оқулық жарияланды және оқу үрдісіне енгізілді, шетел және отандық, халықаралық басылымдарда – 7; ҚР ҒжЖБ ҒЖБССҚЕК ұсынатын ғылыми басылымдар - 8; Scopus мәліметтер базасында тіркелген шетел журналында жарыққа шыққан 2 ғылыми мақаланың басылуымен расталады. Бұл мақалаларда диссертацияның негізгі тұжырымдары жан-жақты талданып, мамандар талқысына ұсынылды. Докторанттың мақалалары диссертацияның теориялық негізін құрайтын тарауларымен сәйкеседі әрі ғылыми деңгейі жоғары. Сондықтанда диссертанттың қорғауға ұсынып отырған тұжырымдары зерделеген және жариялаған жұмыстарының нәтижесі болып табылады.

Диссертациялық жұмыстың мақсатына жету үшін қолданылатын зерттеу амал-тәсілдері ғылыми негізделген. Түркі халықтары фольклорындағы, оның ішінде қазақ, қырғыз, өзбек, татар тұрмыс-салт фольклоры тілдік-әдеби жағынан қатар зерттей отырып, түрлі ғылыми білімдер аясында зерделеу, сонымен қатар қазақ халық өлеңдерін басқа да түркі халықтары шығармашылығымен салыстыра қарау тәрізді концептілердің талдануы ғылыми зерттеудің басты жаңалығы болып саналады.

Диссертацияның қорытындысы толығымен жаңа болып табылады. Докторант Айгерим Тарбиновна Ташекованың «Бекмұрат Уахатов – фольклортанушы ғалым» атты диссертациялық жұмысы үшін философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін қорғауға жіберуге лайықты деп есептеймін.

«Торайғыров университеті» КеАҚ
«Филология және журналистика»
кафедрасының меңгерушісі, ф.ғ.д., профессор

«Торайғыров университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы	
қолын растаймын	
подпись <u>Жүсіпов Н.К.</u>	заверяю
HR-қызметі <u>Ж</u>	
Некоммерческое акционерное общество «Торайғыров университет»	



Н.К. Жүсіпов